Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «30» сәуірдегі №62
Шарттың № 7қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**Қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «7 жұрт» қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Жұлдыз Мұратхан Закарияқызы
3. Заңды мекен жайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Есенберлин көшесі, 15
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): Аймақ жастарының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың «01» шілде мен 2024 жылдың «29» қарашасы аралығы
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 200 000 (Он миллион екі жүз мың) теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** *(іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):*

**1-міндет. Ақтау қаласында 100 жастың қатысуымен жастар арасында тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өткізу**

**1-іс-шара.**Маңғыстау облысы бойынша жастар арасында тоғызқұмалақтан ашық чемпионат өткізу

6 тамыз күні теңіз жағалауында "Ұлттық құндылық - ұлттың қазынасы" жобасы аясында тоғызқұмалақтан облыстық ашық чемпионат өтті. Чемпионаттың мақсаты - жастар арасында ұлттық ойынды насихаттап, бұқаралық сипатын арттыру.Ашық чемпионатқа өңірдегі 15-25 жасқа дейінгі және 25-35 жасқа дейінгі ерлер және қыздар қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс реттелмелі-айналмалы жүйемен блиц бойынша өтті. Ашық чемпионат қорытындысы бойынша 15-25 жас аралығындағы ұлдар арасында Бақытжан Манаш 1-орынға ие болды. 2-орынды Тұрақбай Жұмакелді алса, 3-орынды Дамир Досымжанұлы қанжығаға байлады.
Ал 25-35 жастағы ерлер арасында Абылай Қарабалаев топ жарып, 1-орын алды. 2-орынға Парахат Джунебаев, 3-орынға Түгелбай Махсетович ие болды. Сонымен қатар үздік ойын көрсеткен Нұрсұлтан Орақов, Дінмұхаммед Баимбетов, Ғабит Өскінбаев алғыс хатпен марапатталды.15-25 жас аралығындағы қыздар арасында 1-орынды Фарида Новрузбаева иеленді. 2-орынға Нағима Айладер ие болды. 3-орынды Райхан Қайрат алды. Ал Әйгерім Қосумбаева алғыс хатпен марапатталды. 25-35 жастағы қыздар арасында Мейрамгүл Назарбаева топ жарды. Жүлделі 2-орынға Ақсана Жұмабаева ие болды. 3-орынды Назгүл Қайырғалиева иеленді. Ойында белсенділік танытқан Әйгерім Тулепова алғыс хат алды.Жеңімпаздарды облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай құттықтап, тұрмыстық-

техникалық дүкенге 100 мың теңге, 50 мың теңге және 30 мың теңгелік сертификаттар мен медаль табыстады. Әлеуметтік желіге 6 пост, 1 видео жарияланды. **Шараға 100 қатысушыдан бөлек 100 көрермен қатыстырылды.**

**2-міндет.Маңғыстау облысында кемінде 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы садақ атудан 2 турнир ұйымдастыру**

**1-іс-шара.**Ақтау және Жаңаөзен қалаларында дәстүрлі садақ атудан ашық турнир өткізу.

Ақтау қаласында дәстүрлі садақ атудан ашық турнир өткізілді. Турнирге 50 адам қатысты. Тартысты сайыста 12 жеңімпаз анықталды. Жаңаөзен қаласына жоспарланған садақ ату турниры ұйымдастырылмауына орай, индикатор жартылай орындалды.

**3-міндет. Маңғыстау облысында 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы асық ату ойынының кемінде 3 кезеңнен (аудандық, қалалық және облыстық) тұратын ашық чемпионатын ұйымдастыру**

**1-іс-шара.Жастар арасында «Asyq Battle» ашық чемпионаты өткізу**

30 қазан күні Маңғыстау ауданы, Шоқыр Бөлтекұлы атындағы Маңғыстау аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде «Asyq Battle» жекелей түрде өтетін аудандық ашық чемпионаты өтті. Жарысқа 15-35 жас аралығындағы мергеншілер қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жарыс олимпиадалық жүйеде өтті. Ойыншылар 6 метр қашықтықта, 7 минут ішінде 8 асық алаңнан шығарылғанға дейін сынға түсті. Тартысқа толы жарыста 1-орынды Асхат Олжабаев алды, 2-орынға Ақжол Әлиманов ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Ғанибек Тілеген қанжығаға байлады.

31 қазан күні Бейнеу ауданы,Бейнеу аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде асық ойынынан жекелей түрде ашық чемпионаты өтті. Жарысқа 15-35 жас аралығындағы мергеншілер қатысты. Ойыншылар 6 метр қашықтықта, 7 минут ішінде 8 асық алаңнан шығарылғанға дейін сынға түсті. Тартысқа толы жарыста 1-орынды Меңдібай Ержан алды, 2-орынға Ауганбаев Иляс ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Еркебаев Баубек қанжығаға байлады.

1 қараша күні Мұнайлы ауданы, Бесшоқы спорт кешенінде «Asyq Battle» жекелей түрде өтетін аудандық ашық чемпионаты өтті. Мұнайлылық жастар ұлттық ойынды дәріптеп, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Нәтижесінде Айдос Жанбырбаев 1-орын алды, 2-орынды Нұрланбек Бисембай қанжығаға байлады. Ал 3-орынға Нұрболат Исатай ие болды.

2 қараша күні Ақтау қаласында асық ойынынан жекелей түрде ашық чемпионат өтті. Жарысқа 15-35 жас аралығындағы мергеншілер қатысты. Жарыс олимпиадалық жүйеде өтті. Ойыншылар 6 метр қашықтықта, 7 минут ішінде 8 асық алаңнан шығарылғанға дейін сынға түсті. Нәтижесінде 1-орынды Сатыпалдиев Абай алды, 2-орынға Алуадин Ерасыл ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Орынғалиев Аманбек қанжығаға байлады.

2 қараша күні Түпқараған ауданы, Ер-Қосай спорт кешенінде «Asyq Battle» ашық чемпионаты өтті. Олимпиадалық жүйеде өткен жарыста ойыншылар 6 метр қашықтықта, 7 минут ішінде 8 асық алаңнан шығарылғанға дейін сынға түсті. Нәтижесінде 1-орынды Қамбар Түркістанов алды, 2-орынға Дәулетбек Табылғанұлы ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Абзал Кенжетай қанжығаға байлады. Жарысқа 15-35 жас аралығындағы жастар қатысты.

2 қараша күні Қарақия ауданы, Құланды жалпы білім беретін мектебінде Асық ойынынан жекелей түрде ашық чемпионаты өтті. Жарысқа 15-35 жас аралығындағы жастар қатысты. Тартысқа толы сында ойыншылар 6 метр қашықтықта, 7 минут ішінде 8 асық алаңнан шығарылғанға дейін бақ сынады. Жүзден жүйрік шыққан Қайрат Мақсудов 1-орынды алды, 2-орынға Есен Алданов ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Жасұлан

Беріков қанжығаға байлады. Жалпы асық ату сайысына 132 қатысушы қамтылды және де 70 көрермен-жанкүйер қатысты. 2-3 қараша күндері Ақтау мен Жаңаөзен қалаларында өтті. 22 қараша күні облыстық турнир өтті.

**4-міндет. Аймақта кемінде 25 өнерпаздың қатысуымен ұлттық аспаптар музыкасының кемінде 5 кешін ұйымдастыру**

**1-іс-шара.**Жастар арасында Ұлттық аспапты жұртшылыққа насихаттау бағытында Ақтау және Жаңаөзен қалаларында 5 мәдени кеш ұйымдастыру

Қазан айында жастар арасында ұлттық құндылықты насихаттау мақсатында алғашқы мәдени кеш өтті. Кештің басты мақсаты – жастардың бойында ұлттық рухты оятып, ұлттық аспап – домбыраны дәріптеу. Шарада домбыраның асқақ үні «Балбырауын», «Адай» сияқты күйлер мен «Үкілілі қыз», «Ақтамақ» секілді халық әндері арқылы тыңдаушылардың жүрегіне жол тартты. Ұлттық өнерді ұлықтап, рухани байлығымызды дәріптеуге атсалысқан - «Шабыт» домбыра мектебінің оқушылары.

2024 жылдың 7-8 желтоқсаны аралығында Қызан, Ақшымырау, Жетібай, Маңғыстау, Ақшұқыр ауылдары мен Ақкетік қаласында Мұрын жырау Сеңгірбекұлың 165 жылдығына орай Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің және «Жеті жұрт» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық құндылық – ұлттың қазынасы» атты ұлттық жоба аясында «Қырымның қырық батырын» Мұрын жырау Сеңгірбекұлының жырлаған нұсқасында орйындайтын мектеп оқушылары мен студент жастардың екі күндік турне өтті.

7 желтоқсан саған 10:00-де Маңғыстау ауданының Қызан ауылнда басталған рухани шараны Анар Танашева жетекшілік ететін «Жауқазын» би мектебі ашып беріп, «Қазақ биі» және «Қара жорға» билерін биледі. Ал «Жангелдин жастары» домбырашылары Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқымын» орындаса, сағат 14:00-де Ақшымырау ауылында Гүлбақыт Түгелбайқызы жетекшілік ететін «Наз» бишілері, жыршы Несіпбай Домбаев Қожантай Қойбас Жалбырұлының «Маңғыстаумен қостасуын», Кенжебек Құралұлы Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйін тартты. Ал сағат 19:30-да Қарақия ауданының Жетібай ауылында Жамбыл Қосутов жетекшілік ететін «Мұрагер» ансамблі Құрманғазы Сағырбайұлының «Саранжап», Аманбек Сәуірбаев жетекшілік ететін «Қанаттанған» ансамблі Қазір Мырзалиевтың «Қазақты шетел қонақтарына таныстыру» толғауын, жыршы Серік Темірханов халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлының «Насихат» термесін, Бердібай Тойғұлиев Сүгір жырау Бегендікұлының «Хорезммен қоштасу» термесін, Әбуғали Ыбыраевтың шәкірттері Ғарифолла Құрманғалиевтың «Сәлем, Қазақстан» әнін Ерасыл Жұмабай Махамбет Өтемісұлының «Мен, мен едім...» термесін орындады.

8 желтоқсан сағат 10:00-де Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылында Жүзімгүл Рейіпназаров Наурызбек Нұржаубайұлының «ал жігіттер сал құлақ» термесін, Айзере Киікбай Нұрым Шыршығұлұлының «Мен қашанғы жүйрігің...» термесін айтса, сағат 14:00-де Түпұараған ауданы, Ақшұқыр мәдениет үйінде Айдос Мырзағалиев Ұзақбай Қазжанұлының «Менің атым – Ұзақбай...» термесін, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Түпқараған аудандық өнер мектебінің Сайын ауылындағы бөлімшесінің Алмагүл Санақбайқызы, Жанар Дарябайқызы және ләйла Асқарқызы жетекшілік ететін «Тұран» ансамблі «Ер Тұран» шығармасын орындады. Қызан ауылының мәдениет үйіне Мұрын Сеңгірбекұлының, Ақшымырау мәдениет үйіне Түмен Балтабасұлының, Жетібай мәдениет үйіне Сәттіғұл Жанғабылұлының, Ақшұқыр мәдениет үйіне Әлқуат Қожабергеновтың, Мұнайлы аудандық мәдениет үйіне Фариза Оңғарсынованың картиналары және Ақкетік қаласындағы Мұрын жырау мұражайына 2024 жылдың 5 қарашысնда өткен конкурстың суреттерінен альбом сыйға тартылды. Екі күндік рухани шарада негізінен Аңшыбай, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұса, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора, Қобыланды, Абат, Асан қайғы, Қазтуған, Қосай, Кеңес, Тұяқбай, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет, Тоған, Төрехан, Сұлтанкерім, Манашы, Шынтас, Қартқожақ, Құлыншақ, Жаңбыршы, Көкше болып келетін Қырымның қырық батырын жырлаған Зияш Келаманқызының, Бердібай Тойғұлиевтың, Айдос Мырзағалиевтың, Жүзімгүл Рейпназарованың, Темірбек Асқанбаевтың,

Несіпбай Домбаевтың, Алмагүл Ақайқызының және Жарқынай Сұлтансиыққызының шәкірттері болды. Олар Бейбарыс Боранбай, Рауфмағжан Өтелген, Бекжан Ильясұлы, Мұхаммедали Рахмет, Еркебұлан Берік, Мирас Айдаров, Анель Көгенбай, Нұртілеу Қырымқұлов, Лаура Көгенбай, Жансұлу Әбдімажит, Әділет Тағыберген, Насихат Тараубай, Исабай Ақансері, Айару Ашығали, Дулат Исабек, Айжарық Саят сынды жас таланттар.

2500-ден аса көрермен жинап, 25-ке жуық жас талант өнер көрсеткен жыр кеші жоғары деңгейде өтті. Алты ауылдағы шара «Сөз бен саз» ютуб каналы арқылы 32 600 адамға тікелей эфир арқылы ұсынылып, кәсіби фотогроф және мобилогроф түсірді.

**5 міндет.Маңғыстау облысында зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен кемінде 2 алқалы кеңес ұйымдастыру**

**1-іс-шара.**Зиялы қауым өкілдерінің қатысумен алқалы кеңес отырысын өткізу

Маңғыстау облысы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділовпен жастар арасында ұлттық құндылықтар мен ұлт тәрбиесі жөнінде кездесу өткізілді. Шара модераторы - облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай. Оңайбек Әбділовтың айтуынша, ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық рух – халықтың бет пердесі, тірегі. Әрбір ұлттың өміршеңдігі ұлттық құндылықтарының сақталуына тікелей байланысты. Сол себепті ол жастарды ұлттың дамуы мен кемелденуі үшін білім алуға, ата салтын сақтап, дәстүрін дәріптеуге шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңда жастар арасында зиянды әдетке құмарлық артып жатқанын тілге тиек етті. Шара барысында жастар ардагер ақсақалмен еркін пікір алмасып, сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды. Қатысушы жастар саны –50. Зиялы қауым өкілімен жоспарланған алқалы кеңестің екінші шарасы ұйымдастырылмауына орай, индикатор жартылай орындалды.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Жастар арасында ұлттық ойындарды ұйымдастыру тәртібін жүйелеп, жастардың бос уақытын тиімді өткізу. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Аймақтағы зиялы қауым өкілдерін тарту арқылы жастар арасында кешенді ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. Маңғыстау облысы жастарының бойында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған кемінде 3000 жастың қатысуымен зияткерлік, мәдени-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру. | | | | | | | | |
| **Жобаны іске асырудан қолжеткізілген нәтиже:** | 1)Ақтау қаласында 100 жастың қатысуымен жастар арасында тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өткізу;<br>2)Маңғыстау облысында кемінде 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы садақ атудан 2 турнир ұйымдастыру;<br>3)Маңғыстау облысында кемінде 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы асық ату ойынының кемінде 3 кезеңнен (аудандық, қалалық және облыстық) тұратын ашық чемпионатын ұйымдастыру;<br>4)Аймақта кемінде 25 өнерпаздың қатысуымен ұлттық аспаптар музыкасының кемінде 5 кешін ұйымдастыру;<br>5)Маңғыстау облысында зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен кемінде 2 алқалы кеңес ұйымдастыру. | | | | | | | | |
| **Міндет** | **Міндетшеңбер індегііс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылар дың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| Ақтау қаласында 100 жастың | Маңғыстау облысы бойынша | 6 тамыз 2024 жыл | Ақтау қаласы, 15ш.а. Теңіз жағалауы | 205 | - Ашық чемпионатқа өңірдегі 15-25 жасқа | Тапсырыс берушімен | 1 әр шара бойынша | 1 | Ақтау қаласында облыстық деңгейде өткен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қатысуымен жастар арасында тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өткізу | жастар арасында тоғызқұмалақтан ашық чемпионат өткізу | | | | дейінгі және 25-35 жасқа дейінгі ерлер және қыздар қатысты.<br>- Жарыс реттелмелі-айналмалы жүйемен блиц бойынша өтті.<br>- 18 қатысушыға медаль (алтын, күміс, қола) табысталып, дипломдармен марапатталды.<br>- Жеңімпаз 12 қатысушыға тауарға және техникалық дүкендерге сертификат табыс етілді.<br>- Әлеуметтік желіге 6 пост, 1 видео жарияланды. | бекітілген бағдарлама<br>Тапсырыс берушімен бекітілген чемпионат ережесі<br>Пресс релиз<br>Төрешілер тізімі және ақпарат<br>Аудандық чемпионатқа қатысушы оқушылар саны<br>Қалалық чемпионатқа қатысушы оқушылар саны<br>Сыйлықты табыстау актісі<br>Чемпионат саны<br>Қатысушылар тізімі<br>Жүлделі орын алған оқушылар саны<br>Хаттама | 1<br>1 әр шара бойынша<br>1 әр шара бойынша<br>89 (89 мектеп)<br>53 (53 мектеп)<br>1 әр шарадан<br>8 (5 аудан, 2 қала, 1 облыс)<br>1 әр шара бойынша<br>24 (3 орын*8 чемпионат)<br>1 әр шара бойынша 200 | 1<br>1<br>1<br>92/89 (мектеп)<br>113/53 (мектеп)<br>1<br>1 (тапсырыс берушінің рұқсатымен ауқымды облыстық өтт)<br>1<br>24<br>1 | тоғызқұмалақшылар чемпионатында 18 қатысушы алғыс хатпен және дипломдармен марапатталды. Жүлделі орын алған 12 қатысушы үздік деп танылып, 100 000 тг, 50 000 тг, 30 000 тг қаржылай сыйақыға ие болды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Қамтылатын оқушылар саны (142 орта мектеп, 5 аудан, 2 қала жастары)<br><br>Фотосуреттер<br><br>Видеоролик<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | <br><br><br><br>кемінде 5 әр шарадан<br><br>кемінде 1 әр шарадан<br><br>кемінде 1 әр шарадан | 205 (105 қатысушы, 100 жанкүйер)<br><br>5<br><br>1<br><br>1 | |
| Маңғыстау облысында кемінде 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы садақ атудан 2 турнир ұйымдастыру | Ақтау және Жаңаөзен қалаларында дәстүрлі садақ атудан ашық турнир өткізу | Қазан – қараша 2024 жыл | Ақтау және Жаңаөзен қалалары | 100 | | Тапсырыс берушімен бекітілген бағдарлама<br><br>Тапсырыс берушімен бекітілген турнир ережесі<br><br>Қатысушылар тізімі (16-35 жас аралығы)<br><br>Жүлделі орын алған жастар саны<br><br>Пресс релиз<br><br>Қамтылатын жастар саны (2 қала)<br><br>Сыйлық табыстау актісі | 1 әр шара бойынша<br><br>1<br><br>1 әр шара бойынша<br><br>6<br><br>1 әр шара бойынша<br>кемінде 100<br><br>1 әр шара бойынша | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>12<br><br>1<br><br>50 (1 шара болғандықтан, 50 қамтылды)<br><br>1 | Жоспарланған екінші Жаңаөзендегі садақ ату турнирі ұйымдастырылмағандықтан, индикатор жартылай орындалды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Хаттама<br>Фотосуреттер<br>Видеоролик<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 1 әр шара бойынша<br>кемінде 5 әр шара бойынша<br>кемінде 1 әр шара бойынша<br>кемінде 1 әр шара бойынша | 1<br>5<br>1<br>1 | |
| Маңғыстау облысында 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы асық ату ойынының кемінде 3 кезеңнен (аудандық, қалалық және облыстық) тұратын ашық чемпионатын ұйымдастыру | Жастар арасында «Asyq Battle» ашық чемпионаты өткізу | Қазан – қараша 2024 жыл | Қарақия ауданы, Құланды жалпы білім беретін мектебі, Түпқараған ауданы, Ер-Қосай спорт кешені, Мұнайлы ауданы, Бесшоқы спорт кешені, Ақтау қаласы, Бейнеу ауданы,Бейнеу аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, Маңғыстау ауданы, Шоқыр Бөлтекұлы атындағы Маңғыстау аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі | 202 | - «Asyq Battle» ашық чемпионаты өткен аудандар саны – 5<br>- «Asyq Battle» ашық чемпионаты өткен қалалар саны – 1<br>- Жалпылама жеңімпаздар саны (1,2,3 орын) - 21<br>- Төрешілер есебі – 1<br>- Әлеуметтік желіге 6 видео жарияланды | Тапсырыс берушімен бекітілген «Asyq Battle» бағдарламасы<br>Тапсырыс берушімен бекітілген «Asyq Battle» чемпионат ережесі<br>Пресс релиз<br>Төрешілер тізімі және ақпарат<br>Аудандық чемпионатқа қатысушы оқушылар саны<br>Қалалық чемпионатқа қатысушы оқушылар саны<br>Қатысушылар тізімі | 1 әр шара бойынша<br>1<br>1 әр шара бойынша<br>1 әр шара бойынша<br>89 (89 мектеп)<br>53 (53 мектеп)<br>1 әр шара бойынша | 8<br>1<br>1 әр шара б/ша<br>1 әр шара б/ша<br>89/89 (мектеп)<br>53/53 (мектеп)<br>1 әр шара б/ша | Маңғыстау ауданы бойынша тартысқа толы жарыста 1-орынды Асхат Олжабаев алды, 2-орынға Ақжол Әлиманов ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Ғанибек Тілеген қанжығаға байлады. Бейнеу ауданы бойынша 1-орынды Меңдібай Ержан алды, 2-орынға Ауганбаев Иляс ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Еркебаев Баубек қанжығаға байлады. Мұнайлы ауданы бойынша Айдос Жанбырбаев 1-орын алды, 2-орынды Нұрланбек Бисембай қанжығаға байлады. Ал 3-орынға Нұрболат Исатай ие болды. Ақтау қаласы бойынша 1-орынды Сатыпалдиев Абай алды, 2-орынға Алуадин Ерасыл ие болды. Ал жүлделі 3- |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жүлделі орын алған оқушылар саны<br><br>Чемпионат саны<br><br>Сыйлық табыстау актісі<br><br>Хаттама<br><br>Қамтылатын оқушылар саны (142 орта мектеп, 5 аудан, 2 қала жастары)<br><br>Фотосуреттер<br><br>Видеоролик<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 24<br><br>8 (5 аудан, 2 қала, 1 облыс)<br><br>1<br><br>1 әр шара бойынша<br><br>200<br><br>кемінде 5 әр шарадан<br>кемінде 1 әр шарадан<br>кемінде 1 әр шарадан | 24<br><br>8<br><br>1 әр шара б/ша<br><br><br><br>202<br><br>5 әр шарадан<br><br>1 әр шарадан<br><br>1 әр шарадан | орынды Орынғалиев Аманбек қанжығаға байлады. Түпқараған ауданы бойынша 1-орынды Қамбар Түркістанов алды, 2-орынға Дәулетбек Табылғанұлы ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Абзал Кенжетай қанжығаға байлады. Қарақия ауданы бойынша жүзден жүйрік шыққан Қайрат Мақсудов 1-орынды алды, 2-орынға Есен Алданов ие болды. Ал жүлделі 3-орынды Жасұлан Беріков қанжығаға байлады. |
| Аймақта кемінде 25 өнерпаздың қатысуымен ұлттық аспаптар музыкасының кемінде 5 кешін ұйымдастыру | Жастар арасында Ұлттық аспапты жұртшылыққа насихаттау бағытында Ақтау және Жаңаөзен қалаларында 5 мәдени кеш ұйымдастыру | Қазан – қараша 2024 жыл | Қызан ауылы (Маңғыстау ауданы), Ақшымырау ауылы (Маңғыстау ауданы), Жетібай ауылы, Мұнайлы ауданы (Маңғыстау ауылы), Аққетік ауылы | 2579 | - «Шабыт» домбыра мектебінің оқушыларының қатысуымен 1 домбыра кеші өтті.<br>- Қызан, Ақшымырау, Жетібай, Маңғыстау, Ақшұқыр ауылдарында Мұрын жырау Сеңгірбекұлың 165 жылдығына орай | Мәдени шара саны<br><br>Тапсырыс берушімен бекітілген бағдарлама<br><br>Қатысушы өнерпаздар саны<br><br>Пресс релиз<br><br>Фотосуреттер | 5<br><br>1 әр шара бойынша<br><br>Әр шарадан 50<br>1 әр шара бойынша<br>кемінде 5 әр шарадан | 6<br><br>1 әр шара б/ша<br><br>Әр шарадан 25<br>1 әр шара б/ша<br>5 әр шарадан | Қызан ауылының мәдениет үйіне Мұрын Сеңгірбекұлының, Ақшымырау мәдениет үйіне Түмен Балтабасұлының, Жетібай мәдениет үйіне Сәттіғұл Жанғабылұлының, Ақшұқыр мәдениет үйіне Әлқуат Қожабергеновтың, Мұнайлы аудандық мәдениет үйіне Фариза Оңғарсынованың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | (Түпқараған ауданы) | | жастардың екі күндік туры өтті.<br>- 2500-ден аса көрермен жиналды<br>- 25 өнерпаз өнер көрсеткен жыр кеші жоғары деңгейде өтті.<br>- Алты ауылдағы шара «Сөз бен саз» ютуб каналы арқылы 32 600 адамға тікелей эфир арқылы ұсынылды. | Видеоролик<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны<br><br>Көрермендер саны<br><br>Өнерпаздарға сыйлық беру актісі | кемінде 1 әр шарадан<br>әр шарадан 1<br><br>2150 жас<br><br>1 | 1 әр шарадан<br><br>әр шарадан 1<br><br>2150 жас<br><br>1 | картиналары және Аққетік қаласындағы Мұрын жырау мұражайына 2024 жылдың 5 карашасында өткен конкурстың суреттерінен альбом сыйға тартылды. Екі күндік рухани шарада негізінен Аңшыбай, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұса, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора, Қобыланды, Абат, Асан қайғы, Қазтуған, Қосай, Кеңес, Тұяқбай, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет, Тоған, Төрехан, Сұлтанкерім, Манашы, Шынтас, Қартқожақ, Құлыншақ, Жаңбыршы, Көкше болып келетін Қырымның қырық батырын жырлаған Зияш Келаманқызының, Бердібай Тойғұлиевтың, Айдос Мырзағалиевтың, Жүзімгүл Рейпназарованың, Темірбек Асқанбаевтың, Несіпбай Домбаевтың, Алмагүл Ақайқызының және Жарқынай Сұлтансиыққызының шәкірттері болды. Олар |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Бейбарыс Боранбай, Рауфмағжан Өтелген, Бекжан Ильясұлы, Мұхаммедали Рахмет, Еркебұлан Берік, Мирас Айдаров, Анель Көгенбай, Нұртілеу Қырымқұлов, Лаура Көгенбай, Жансұлу Әбдімажит, Әділет Тағыберген, Насихат Тараубай, Исабай Ақансері, Айару Ашығали, Дулат Исабек, Айжарық Саят сынды жас таланттар. |
| Маңғыстау облысында зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен кемінде 2 алқалы кеңес ұйымдастыру | Зиялы қауым өкілдерінің қатысумен алқалы кеңес отырысын өткізу | Қараша 2024 жыл | Қабиболла Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, «Достық үйі» ғимараты | 100 | - Кездесудің алғашқы қонағы ретінде Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділов шақыртылды.<br>- 1 ші шараға 50 жас қатысты.<br>- Әлеуметтік желіге 1 минуттық 1 видео салынды. | Тапсырыс берушімен бекітілген бағдарлама<br><br>Отырыс саны<br><br>Пресс релиз<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Хаттама<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 2<br><br>2<br><br>2<br><br>100 (әр шарадан 50)<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 5<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 1 | 2<br><br>2<br><br>2<br><br>100 (әр шарадан 50)<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 5<br><br>әр шарадан 1<br><br>әр шарадан 1 | Маңғыстау облысы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділовпен жастар арасында ұлттық құндылықтар мен ұлт тәрбиесі жөнінде кездесу өткізілді. Шара модераторы - облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай. Шара барысында жастар ардагер ақсақалмен еркін пікір алмасып, сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Зиялы қауым өкілін марапаттау | 4 | - (қаржысы қайтарылды) | |
| Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | Гранттық жоба аяқталғаннан кейін қорытынды отырыс өткізіледі | | | | - | Отырыс саны<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Басылымдар саны<br><br>Фотосуреттер саны | 1<br><br>25<br><br>1<br><br>2<br><br>2 | 1<br><br>25<br><br>1<br><br>2<br><br>2 | |
| | Сапалық нәтижелер | | | | - | Қатысушылар саны<br><br>Қанағаттану деңгейі, сұрақтары жен анализ | 3000 жас<br><br>80% | 3000 жас<br><br>80% | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс** | Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария ету мақсатында әлеуметтік желіге материал жарияланады | | | | - | 1. «Маңғыстау» облыстық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында;<br>2. «Ақтау» қалалық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында;<br>3. «Mangystauzhastary.kz» сайты – қысқаша материал, жоба аясында;<br>4.«Mangystaumedia.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, жоба аясында;<br>6. «Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында;<br>7. «Огни Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында;<br>8. @Mangystau.news инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында;<br>9. @7_zhurt инстаграм парақша – пост, жоба аясында;<br>10. Zheti Zhurt Фейсбук парақшасына – пост, жоба аясында; | 2 рет<br>2 рет<br>5 рет<br>5 рет<br>1 рет<br>1 рет<br>2 рет<br>15 рет<br>15 рет<br>4 рет | 2 рет<br>2 рет<br>5 рет<br>5 рет<br>1 рет<br>1 рет<br>2 рет<br>15 рет<br>15 рет<br>4 рет | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 11. @7_zhurt инстаграм парақша – видеоролик, жоба аясында;<br>12. Zheti Zhurt парақшасына – видеоролик, жоба аясында;<br>13. Маңғыстау жастары Фейсбук парақшасы – пост, жоба аясында;<br>14. @caspiantodaykz инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында;<br>15. Маңғыстау облысының білім басқармасы Фейсбук парақшасы – пост, жоба аясында.<br>16. https://umcdo.edu.kz/kz/ сайты – қысқаша материал, жоба аясында. | 4 рет<br>2 рет<br>2 рет<br>10 рет<br>5 рет | 4 рет<br>2 рет<br>2 рет<br>10 рет<br>5 рет | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:**

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 3000 | 3000 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 10000 | 10000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | - | - |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 3 | 3 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 2 600 000 | 2 600 000 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 334 360 | 334 360 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 7 255 640 | 7 255 640 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 15 | 15 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Жоба алдына қойылған мақсат** – жастар арасында ұлттық ойындарды ұйымдастыру тәртібін жүйелеп, жастардың бос уақытын тиімді өткізу, ұлттық бірегейлікті сақтау, аймақтағы зиялы қауым өкілдерін тарту арқылы жастар арасында кешенді ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру, Маңғыстау облысы жастарының бойында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған кемінде 3000 жастың қатысуымен зияткерлік, мәдени-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру. 2024 жылдың шілде – қараша аралығында бұл мақсатқа қол жеткізілді, себебі:

**Ақтау қаласында 205 жастың қатысуымен жастар арасында тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өткізілді.**

Ашық чемпионатқа өңірдегі 15-25 жасқа дейінгі және 25-35 жасқа дейінгі ерлер және қыздар қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс реттелмелі-айналмалы жүйемен блиц бойынша өтті.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

Маңғыстау облысы жастарының бойында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған 3000 жастың қатысуымен зияткерлік, мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сұрақтар және анализ жасау арқылы қатысушылардың қанағаттану деңгейі 80% ды, шараға қатынасу деңгейі 100 % ды құрап отыр.

**Маңғыстау облысында кемінде 100 жастың қатысуымен жастар арасындағы садақ атудан 1 турнирі ұйымдастырылды.**

Ашық турнир Ақтау қаласында өтті. Және де Жаңаөзен қаласындағы садақ ату турнирі уақыт тығыздылығына байланысты шараны ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмай, жоспарланған индикатор жартылай орындалды.

**Маңғыстау облысында 202 жастың қатысуымен жастар арасындағы асық ату ойынының кемінде 3 кезеңнен (аудандық, қалалық және облыстық) тұратын ашық чемпионаты ұйымдастырылды.**

Қатысушы аудандар саны – 5, ал қалалар саны – 2,облыстық -1. Жеңімпаз спортшылар саны – 24. Жалпы шараға тікелей қатысушылар саны 202, оның ішінде сайысқа қатысушылар 132, ал жанкүйерлердің саны 70.

**Аймақта 25 өнерпаздың қатысуымен ұлттық аспаптар музыкасының 6 кеші ұйымдастырылды.** Маңғыстау облысының 5 ауылында екі күндік мәдени тур және Ақтау қаласында 1 домбырашылар кеші өтті. Сонымен қатар Қызан ауылының мәдениет үйіне Мұрын Сеңгірбекұлының, Ақшымырау мәдениет үйіне Түмен Балтабасұлының, Жетібай мәдениет үйіне Сәттіғұл Жанғабылұлының, Ақшұқыр мәдениет үйіне Әлқуат Қожабергеновтың, Мұнайлы аудандық мәдениет үйіне Фариза Оңғарсынованың картиналары және Ақкетік қаласындағы Мұрын жырау мұражайына 2024 жылдың 5 қарашасңда өткен конкурстың суреттерінен альбом сыйға тартылды. Екі күндік рухани шарада негізінен Аңшыбай, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұса, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора, Қобыланды, Абат, Асан қайғы, Қазтуған, Қосай, Кеңес, Тұяқбай, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет,

Тоған, Төрехан, Сұлтанкерім, Манашы, Шынтас, Қартқожақ, Құлыншақ, Жаңбыршы, Көкше болып келетін Қырымның қырық батырын жырлаған Зияш Келаманқызының, Бердібай Тойғұлиевтың, Айдос Мырзағалиевтың, Жүзімгүл Рейпназарованың, Темірбек Асқанбаевтың, Несіпбай Домбаевтың, Алмагүл Ақайқызының және Жарқынай Сұлтансиыққызының шәкірттері болды. Олар Бейбарыс Боранбай, Рауфмағжан Өтелген, Бекжан Ильясұлы, Мұхаммедали Рахмет, Еркебұлан Берік, Мирас Айдаров, Анель Көгенбай, Нұртілеу Қырымқұлов, Лаура Көгенбай, Жансұлу Әбдімажит, Әділет Тағыберген, Насихат Тараубай, Исабай Ақансері, Айару Ашығали, Дулат Исабек, Айжарық Саят сынды жас таланттар.

**Маңғыстау облысында зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, 50 адамның қатысуымен 1 алқалы кеңес ұйымдастырылды.** Жоспарланған екі алқалы кеңестің бірінші шарасына **а**қсақалдар кеңесінің төрағасы Оңайбек Әбділов шақырылды.

Шара модераторы - облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай.

Ал екінші алқалы кеңес уақыт тапшылығына орай ұйымдастырлмады, осыған сәйкес жоспарланған индикатор жартылай орындалды.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 3000 | 1650 | 1350 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3000 | 46 | 2945 | 2 | - | - | 4 | - | 3 | - | - |

**Жаскөрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3000 | 46 | 1163 | 1454 | 331 | 2 | - | 4 |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

- **Аймақта 25 өнерпаздың қатысуымен ұлттық аспаптар музыкасының 6 кеші ұйымдастырылды.** Маңғыстау облысының 5 ауылында екі күндік мәдени тур және Ақтау қаласында 1 домбырашылар кеші өтті.
- **Ақтау қаласында 205 жастың қатысуымен жастар арасында тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өткізілді.** Ашық чемпионатқа өңірдегі 15-25 жасқа дейінгі және 25-35 жасқа дейінгі ерлер және қыздар қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс реттелмелі-айналмалы жүйемен блиц бойынша өтті
- **Маңғыстау облысында кемінде 50 жастың қатысуымен жастар арасындағы садақ атудан 1 турнирі ұйымдастырылды.** Ашық турнир Ақтау қаласында өтті
- **Маңғыстау облысында 202 жастың қатысуымен жастар арасындағы асық ату ойынының кемінде 3 кезеңнен (аудандық, қалалық және облыстық) тұратын ашық чемпионаты ұйымдастырылды.** Қатысушы аудандар саны – 5, ал қалалар саны – 2, облыстық – 1
- Жеңімпаз спортшылар саны – 21

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жоюадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Мемлекеттікгранттардың басым бағыттарыныңтізбесінеенгізуүшінұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттікгранттыңұсынылатын басым бағыты | Гранттыіскеасырушешуітиісмәселеніңқысқашасипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілеті нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Мемлекеттіоргандарүшінәлеуметтікжобаныіскеасыруқорытындыларыбойынша<u>нақтыпрактикалықұсынымдарды</u>көрсетіңіз.**

| Мемлекеттік органдар | Ұсынымдар | Әзірленгенұсынымдардыжіберутуралыхаттыңнөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардыңкөшірмелері осы есеппенбіргеұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

**Есеп беттерінің жалпы саны: 17**

**Грант алушы:**

**«7 жұрт» ҚБ төрағасы ___________ Ж.Мұратхан**

Толтыру күні ____________

Мөрдің орны